



*5- дәріс*  
*Бастауыш ШЖМ сабақ кестесін*  
*құрастыру жолдары*

# 1000% жаңалық және кемелділік

Қатысушылар мына сұраққа жауап береді:

- Сіз өзгелерден “НЕНІ” 10 есе жылдам, сапалы, арзан жасай аласыз?



# Жоспары

- I. Сабақ кестесінің түрлері мен оларды құрастыру технологиясы
- II. Сабақ кестесін құрастырудағы сабақ түрлері

# ШЖМ оқу процесі қалай жүзеге асады?

- Жаңа оқу жылына бір апта қалғанда, бала саны анықталып, сынып комплект құрылады
- оқу-тәрбие үдерісінің жылдық жоспары
- әр пәннен жылдық күнтізбелік жоспар
- оқу кестесі жасалады
- мұғалім өтілетін материалды жан-жақты меңгереді
- оны өткізу әдістемесімен танысады
- сабақтың барысын алдын-ала ойластырады,
- өз жұмысының әрбір деталін жоспарлауы тиіс,
- оқушылардың өздік іс-әрекеті ойластырылуы тиіс.
- сабаққа қажетті құрал-жабдықтарды (көрнекі құралдар, мәтіндер, жаттығуға арналған сұрақтар мен мысалдар, дидактикалық материалдарды дайындайды),
- сабақ жоспарын жасайды
- сабақтағы әр түрлі жұмыстар қандай ретпен өтілетіндігін анықтайды.
- Соңынан жазылған сабақ жоспарын тексеріп алу қажет.

## •ШЖМ сабақ түрлері

### •бір пәндік

•Бір пәндік сабақ дегеніміз әр біріктірілген сыныптарда бір ғана пәннен сабақ өткізу.

### •әр пәндік

•Әр пәндік сабақтар дегеніміз біріктірілген сыныптарда әр түрлі пәндерді біріктіріп өткізуге болатын сабақтар.

### •бір тақырыптық

•Бір тақырыптық сабақтар дегеніміз қатар өткізілетін сыныптарда мүмкіндігінше бірдей тақырыптарды таңдау қажет болатын сабақтар

- ❖ Шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарындағы сабақты тиімді ұйымдастыру **бірпәндік оқыту принциптері** негізінде құрылып, пәнішілік кіріктіре оқыту жүзеге асырылады.
- ❖ **Бірпәндік оқыту принциптері** – белгілі бір пән мазмұнындағы тақырыптарды (мазмұны ұқсас немесе мазмұны әр тектес) кіріктіре оқыту.
- ❖ Бірпәндік оқыту принциптері бірпәндік сабақтарды ұйымдастыруда қолданылады.
- ❖ Ал **бірпәндік сабақ дегеніміз** – біріктірілген сыныптарда бір ғана пән бойынша (мысалы, екі сыныпта да қазақ тілі сабағы) өткізілетін сабақ. Бір саладағы сабақты өткізетіндіктен, мұғалім назарын бір сыныптан екінші сыныпқа оңай аударады.

# Бірпәндік оқыту үдерісін ұйымдастыру

- *Мазмұны ұқсас тақырыптарды кіріктіре оқытуда жаңа тақырыптар екі сыныпқа ортақ түсіндіріледі де, жаңа оқу материалын бекіту барысында жаттығулары дараланып, өзіндік жұмыстар мен деңгейлік тапсырмалар беріледі.*
- *Мазмұны әртүрлі тақырыптарды кіріктіре оқытуда жаңа тақырыптар әр сыныпқа жеке түсіндіріліп, өзіндік жұмыстармен ұштастырылады*

- Бір пәндік сабақ
- Бір тақырыптық сабақ
- ШЖМ



<b>Күні</b>	<b>Реті</b>	<b>2-сынып</b>	<b>3-сынып</b>
<b>Дүйсенбі</b>	1 2 3 4 5	Қазақ тілі Математика Әдебиеттік оқу Еңбекке баулу Сынып сағаты	Қазақ тілі Математика Әдебиеттік оқу Еңбекке баулу Сынып сағаты
<b>Сейсенбі</b>	1 2 3 4 5	Қазақ тілі Математика Әдебиеттік оқу Дене шынықтыру Дүниетану	Қазақ тілі Математика Әдебиеттік оқу Дене шынықтыру Дүниетану
<b>Сәрсенбі</b>	1 2 3 4	Математика Әдебиеттік оқу Бейнелеу өнері Қазақ тілі	Математика Әдебиеттік оқу Бейнелеу өнері Қазақ тілі
<b>Бейсенбі</b>	1 2 3 4 5	Қазақ тілі Математика Әдебиеттік оқу Дене шынықтыру Дүниетану	Қазақ тілі Математика Әдебиеттік оқу Дене шынықтыру Дүниетану
<b>Жұма</b>	1 2 3 4 5	Қызықты математика Тіл дамыту Музыка	Орыс тілі Математика Тіл дамыту Музыка Қызықты математика
<b>Сенбі</b>	1 2 3 4	Еңбек Қозғалмалы ойындар Дене шынықтыру	Орыс тілі Еңбек Қозғалмалы ойындар Дене шынықтыру

- *Сабақ кестесін тиімді құрастырудағы негізгі мәселе – ұқсас пәндерді дұрыс біріктіру.*

- Директор
- Мұғалім
- Оқу меңгерушісі



**Оқушылардың  
психологиялық-  
физиологиялық  
мүмкіндіктерін  
ескеруі қажет.**

# *Оқушылардың ең жоғары деңгейде жұмыс жасай алатын күндері*

*Сейсенбі*

*Сәрсенбі*

*Бейсенбі*

**Оқушылардың іскерлігіне әсер ететін нәтижелі сабақтар**

*2 сабақ*

*3 сабақ*

# Математика сабағы

3 сынып



4 сынып




Аптасына 5  
рет  
(\* және /  
амалдары)

1 сынып  
“Алдын –  
ала оза  
оқыту”



2 сынып  
“Қайталау-  
білімнің  
атасы”



Аптасына 4  
рет  
(+ және –  
амалдары)

## **Екі сыныпты қатар оқытқанда, сабақ берудің негізгі 3 типі болады:**

- екі сыныпқа да жаңа материалды түсіндіру сабағы;
- екі сыныптың бірінде жаңа материалды түсіндіру, ал екінші сыныпта қайталау немесе есепке алу сабағы;
- екі сыныпта да өткенді қайталау сабағы

# Бір тақырыптық сабақтың құрылымы

## I Кіріктірілген бөлім

### Бағдарлау-мотивациялық кезең

Мұғалім басшылығымен орындалатын жұмыстар

Екі сыныппен қатар жүргізілетін тапсырмалар беріледі, үй тапсырмасы тексеріліп, жаңа сабақ түсіндіріледі.

## II Сараланған бөлім

### Операциялық-орындаушылық кезең

Әр сыныппен жеке дара жұмыстар жүргізіледі

Оқушының өздігінен орындайтын жұмыстары.

Мұғалім басшылығымен орындалатын тапсырмалар

Мұғалім басшылығымен орындалатын тапсырмалар

Оқушының өздігінен орындайтын жұмыстары.

## III Кіріктірілген бөлім

### Рефлексиялық-бағалау кезеңі

Сабақты бекіту үшін екі сыныппен қатар жүргізілетін тапсырмалар беріледі.

# Сандар сөйлейді

- ✓ Республикада 4272 жалпы білім беретін шағын жинақталған мектеп жұмыс істейді (жалпы мектептер санының 52%-ы).
- ✓ 429,1 мың бала (жалпы оқытындар контингентінің 14,1%-ы) оқиды.
- ✓ 37 мың баланы тасымалдау ұйымдастырылған
- ✓ ШЖМ 64 мыңнан астам мұғалім жұмыс істейді.



# *Рефлексия*

## *“Бағдаршам” әдісі*

